



# Құлаққаптар DEXP EH-320

Құлаққап - музыканы, сөйлеуді немесе басқа дыбыстық сигналдарды жеке тыңдауға арналған құрылғы.

## Сақтық шаралары

1. Құрылғының құрылымына ешқандай өзгеріс енгізбеңіз. Бұл өнімде пайдаланушы қызмет көрсететін элементтер жоқ.
2. Қысқа тұйықталуды болдырмау үшін құрылғының кез келген сұйықтықпен жанасуын болдырмаңыз, қасына сұйықтық бар ашық ыдыстарды қоймаңыз.
3. Құрылғыны электромагниттік сәулеленуге ұшыратпаңыз.
4. Есту қабілетіне зиян келтірмеу үшін құлаққапты қауіпсіз дыбыс деңгейінде қолданыңыз.
5. Бұл құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.

## Пайдалану бойынша нұсқаулық

1. Құрылғының ашасын компьютердегі / қуат көзіндегі микрофон ұясына қосыңыз.
2. Құлаққап пен микрофонның орналасуын реттеңіз.
3. Дыбыс деңгейін реттегіш арқылы қажетті дыбыс деңгейін баптаңыз.

## Сипаттамалары

- Үлгісі: EH-320.
- Жиілік диапазоны: 20 Гц - 20 000 Гц.
- Сезімталдығы:  $105 \pm 3$  дБ.
- Кедергісі:  $32 \pm 15$  %  $\Omega$ .
- Динамик диаметрі: 8 мм.
- Жалғағыш: 3.5 мм.
- Кәбіл ұзындығы: 1.2 м.

## Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °C-ден 40 °C дейінгі ауа температурасында және 80 %-дан аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда жемірілуді тудыратын жемір қоспалар (қышқылдар, сілтілер булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы мұқият ұстауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғының өткізілуі РҚ қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Осы бұйым қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен қағидаларға сәйкес кәдеге жаратылуы тиіс. Осы бұйымның дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, қалдықтардың бақылаусыз шығарылуы нәтижесінде қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

### Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

### Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Шэнпай Электроникс Ко., Лтд.

Минъин Ист Лайн 1, Минъин өнеркәсіптік паркі 1, Синь Тан, Цзэнчэн ауданы, Гуанчжоу қ., Гуандун пров., Қытай.  
Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» 037/2016 ЕАЭО ТР техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі мына мекенжай бойынша:

<http://www.dns-shop.ru/technical-support/>

